

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 мамырдағы N 627 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 қараша N 1406

Облыстардың бюджетке кірістері бойынша жоспарының орындалмауына байланысты және облыс әкімдерінің республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына берешегін өтеуге арналған қысқа мерзімді бюджеттік несиені өтеу мерзімін ұзарту туралы өтініштерін ескере келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бюджеттік ұйымдардың Зейнетақы қорына берешегін өтеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 мамырдағы N 627 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың төртінші абзацындағы "15 қыркүйек" деген сөздер "1 желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі